

**Текелі қаласындағы қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы N 420 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 26 желтоқсанда N 2255 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 16 ақпандағы № 31 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 16.02.2017 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-5) және 5-б) тармақшаларына сәйкес, қылмыстық атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Текелі қаласының ұйымдарында қылмыстық атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бес процент мөлшерінде квота белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 06.10.2014 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Алматы облысының Әділет департаментінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылдың 19 наурызында 2-3-108 нөмірімен тіркелген, "Текелі тынысы" газетінің 2012 жылғы 30 наурыздағы 13 нөмірінде жарияланған Текелі қаласы әкімінің 2012 жылғы 29 ақпандағы № 46 "

Текелі қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Текелі қаласының әкімі*

*Қ. Айтжанов*

*"Текелі қаласының жұмыспен*

*қамту және әлеуметтік*

*бағдарламалар бөлімі"*

*мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Ерлан Женисбайұлы Әбдалиев*